

Аширбекова Л.Ж.,
Орынбасаров Н.Е.

**Мемлекеттік орган қызметі
тиімділігін бағалауды
жетілдіру жолдары**

Қазіргі таңда мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалауға көптеген күш жұмсалуда. Мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалауды жетілдіруге қатысты реформалар бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі. Еліміздегі мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігінің жетілуі – сапалы қызмет көрсетудің дамуының алғышарты. Қазіргі таңда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілердің қызмет тиімділігін арттыру бойынша талдаулар мен зерттеулер саны көптеп кездеседі. Тиімділік теориясының дамуына экономика, басқару және мемлекеттік басқару теориялары зор үлес қосады. Алайда, бағалау көп жағдайда көрсеткіштер және аттестациялау түрінде жүргізіліп келеді. Бағалаудың мұндай түрлері мемлекеттік қызметшілер тарапынан ресмилік деп, олардың еңбегіне сай жалақы алуына еш әсерін тигізбейді деп қабылданады. Осылайша, мемлекеттік органдар жұмыс нәтижелілігінің тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін қалыптастыру, қолдану мен дамытудың маңызы арта түсті.

Түйін сөздер: Мемлекеттік орган, мемлекеттік қызмет, тиімділік, бағалау жүйесі, жұмыс нәтижелілігі.

Ashirbekova L.J.,
Orynbasarov N.E.

**Ways of improvement of an
assessment of efficiency of
activity of government bodies**

Now many efforts for an assessment of efficiency of government bodies are applied. Reforms concerning improvement of an assessment of efficiency is one of the main issues of today. Increase of efficiency in activity of government bodies – is an indispensable condition for development of high-quality services. Now many analyses and researches in the sphere of increase of efficiency of activity of government bodies and public servants meet. In development of the theory of efficiency make a big contribution of theories of economy, management and public administration. Nevertheless, in most cases the assessment is carried out in the form of indicators and certification. Such forms of an assessment are perceived from public servants as formal, and not influencing compensation. Thus, the importance of increase of efficiency of works of government bodies, formations and developments of personnel potential of the state activity increases.

Key words: Government body, public service, efficiency, system of an assessment, productivity of work.

Аширбекова Л.Ж.,
Орынбасаров Н.Е.

**Пути совершенствования
оценки эффективности
деятельности государственных
органов**

В настоящее время прилагается много усилий для оценки эффективности государственных органов. Реформы, касающиеся улучшения оценки эффективности, являются одним из главных вопросов сегодняшнего дня. Повышение эффективности в деятельности государственных органов является обязательным условием для развития высококачественных услуг. В настоящее время проводится много анализа и исследований в сфере повышения эффективности деятельности государственных органов и государственных служащих. В развитие теории эффективности вносит большой вклад теория экономики, управления и государственного управления. Тем не менее, в большинстве случаев оценка проводится в виде показателей и сертификации. Такие формы оценки воспринимаются со стороны государственных служащих как формальные, и никак не воздействующие на оплату труда. Таким образом, возрастает значимость повышения эффективности работ государственных органов, формирования и развития кадрового потенциала государственной деятельности.

Ключевые слова: государственный орган, государственная служба, эффективность, система оценки, результативность работы.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТІ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мемлекеттік органдардың тиімділігі – екі құрылымның бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесінде ғана іске асырылады. Яғни басқарушы өкілеттік органдар мен мемлекеттік ережеге сай басқарылатын тұлғалар мен жергілікті мемлекеттік құрылымдардың ауызбіршіліктен туындаған қызметінің нәтижесі.

Жалпы алғанда, қай елде болмасын мемлекеттік органдардың қызметтің тиімділігін, азаматтарға қолжетімділігін арттырып, туындаған мәселелердің оңтайлы шешілуіне ықпал ету мақсатында бағалау жүйесін қолдану және оны белгілі бір кезеңде өзгертіп отыру халықаралық тәжірибеде бар нәрсе екендігін нақтылауымыз қажет болып отыр. Мұның қоғамдағы ішкі саяси және экономикалық тұрақтылықты қалыптастыруға, халықтың биліктегілер мен болашаққа деген сенімін бағамдап, әлемде етек алған қаржы дағдарысына қарсы пәрменді әрекеттерге баруға да өзіндік септігі тиетіндігіне шүбәміз жоқ. Сайып келгенде, осыншалықты ауқымды бағыттарды қамтитын бағалау жұмыстарының түпкі нәтижелері мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясын айқындап алуына алғышарттар жасап, болашағымызды болжап, жоспарлауға мүмкіндік береді [1].

Одан әрі республикалық ведомстволар тарапынан тікелей басшылық жасалатын жекелеген салаларда, өңірлерде мемлекеттік органдардың алға қойылған стратегиялық мақсат-міндеттерді орындау немесе соған қол жеткізу деңгейі бойынша бағалау әдістемелерін жетілдіру жолдарын қарастыру қажет. Жоғарыда айтылып кеткендей, Елбасы мен Үкімет белгілеген стратегиялық мақсат-міндеттерді орындау көрсеткіштері жөнінен еліміздің әр өңірлерінде жүргізілген бағалау жұмыстарының нәтижелері өзге өңірлермен салыстырып, ерекшелектеріне қарап бағалануы тиіс. Мұнда мемлекеттік бағдарламалар бойынша берілген тапсырмалардың орындалуы, инвестициялық жобаларға бөлінген қаражаттың игерілуі, мемлекеттік қызметтің сапасы, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму динамикасына қатысты талаптар мен шарттар жан-жақты ескеріліп, қамтылады.

Қызметті бағалау жүйесінің басты мақсаты – кез-келген деңгейдегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау мен міндеттер мен қызметтердің жүзеге асырылудағы тиімділік

көрсеткіштерін анықтау [2]. Елбасының барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қызметтері тиімділігіне әр жыл сайын бағалау жүргізу жүйесін бекіту арқылы Қазақстан мемлекеттік басқару саласында сапалы жаңа кезеңге аяқ басты. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік органдар қызметі тиімділігін жетілдірудің стратегиялық міндеттеріне келетін болсақ:

1. Бүгінгі таңда нарықтық бастама мемлекеттің белсенді де жедел араласуын қажет етеді;

2. Экономикалық және әлеуметтік салалардағы белсенді саясат мемлекеттің рөлін көтеруді білдіреді. Нәтижесінде – бұл қоғамның қажеттілігіне сәйкес, тиімді заңдар мен нормативті-құқықтық актілерді дайындау және орындау;

3. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру – Қазақстанның болашағын анықтайтын негізгі фактор. Яғни, бұл – маңызды стратегиялық міндет. Сондықтан, бүгін мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік органның жалпы жұмысының тиімділігін арттыру керек және тиісінше, мемлекеттік ресурстарды ұтымды қолданған жөн;

4. Мемлекеттік аппараттың жалпы және оның жекелеген буындарының жұмысының тиімділігін арттыру алдыңғы қатарлы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды ендіруге жағдай жасауы керек.

Мемлекеттік органдардың бюджет қаражатын мақсатты игеру, мемлекеттік қызмет түрлерін көрсету, қызметкерлер құрамын басқару,

ақпараттық технологияларды қолдану аясын кеңейтумен байланысты қолданылатын әдістемелерді қайта қарап, соның негізінде жергілікті атқарушы құрылымдар қызметінің деңгейін көтеру талқылануы міндетті.

Бағалау жүйесін дамытудың негізгі мақсаты жеке-жеке әрбір мемлекеттік орган, ұлттық холдинг, мемлекет қатысатын компания мен ұйым және тұтастай мемлекеттік басқару жүйесі қызметінің тиімділігін ұдайы арттыруды қамтамасыз ету болып табылады [3].

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделелуі тиіс:

1. Мемлекеттік саясатты әзірлеуге, оны іске асыруға және бақылауға жауапты болып табылмайтын, бағалауға уәкілетті бірыңғай органды айқындау;

2. Ішкі бақылау қызметтерін аудит қызметтеріне айналдыру және барлық мемлекеттік органдарда, ұлттық холдингтерде, мемлекет қатысатын компаниялар мен ұйымдарда осындай аудит қызметтерін құру;

3. Басқару жүйесінің (барлық ресурстарды пайдалану), мемлекеттік орган қалыптастыратын және іске асыратын саясаттың тиімділігін бағалау бөлігінде талдамалық құрамдасты күшейту жолымен басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін уақтылы, сапалы және дәйектілі ақпаратпен қамтамасыз ету.

Бағалау жүйесінің жаңа моделі мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс (1-сурет).



1-сурет – Бағалау жүйесінің жаңа моделінің қағидаттары

1. объективтілік қағидаты – жан-жақты және толық тәуелсіз бағалау жүргізу, мүдделер қайшылығын болдырмау;

2. дәйектілік қағидаты – ақпаратты бағаланатын мемлекеттік органға тәуелсіз ақпарат көздерінен алу;

3. жариялылық қағидаты – құпиялылық режимін және қызметтік немесе заңмен қорғалатын

өзге де құпияны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, тиімділікті бағалаудың нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

4. әмбебаптық қағидаты – бағалау тетіктерін мемлекеттік орган мен ұйымдардың әртүрлі ұйымдық құрылымдарына, олардың қызметінің әртүрлі салаларына (ерекшеліктеріне) қолдану мүмкіндігі;

5. өзектілік қағидаты – мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың ағымдағы қажеттіліктеріне сай болу мүмкіндігі [4].

Мемлекеттік орган қызметін бағалаудың тиімділігін арттыру және оны дамыту үшін келесідей міндеттер мен ұсыныстар орындалуы керек:

1. Әрбір жергілікті мемлекеттік органдарға өзінің жұмысына өзі баға бере алатындай жүйені құру қажет. Яғни «жоспарла – орында» моделінен «жоспарла – орында – тексер – жетілдір» моделіне көшу қажет;

2. Мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына өз жұмысына өзі талдау жасап, және оны дамыта алатындай билік беретін модель құру керек;

3. Ішкі бақылау қызметтерін аудит қызметтеріне айналдыру;

4. Әрбір персоналдардың бағалаудағы деңгейін көтеру керек;

5. Мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру

үшін арнайы стандарттық ережелерді заң негізінде белгілеу қажет;

6. Мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалауда тек қана құзіретті органдардың шешімі ғана емес, сонымен қатар қарапайым халықтың ойымен де санасуы керек.

7. Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, адамгершілік қағидалар тұрғысынан арттыру керек;

8. Мемлекеттік органдарда технологиялық базаны дамыту;

Қорыта келе, мемлекеттік органның жұмыс нәтижелігін арттырудың қолданыстағы әдіс-тәсілдерін арттыруда, мына жағдайды ескерген дұрыс. Кез келген ұйымда жұмыс нәтижелігін, қызметтің тиімділігін арттырудың басты алғышарты – қызметшілердің өз ісіне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болып табылады. Яғни, әр адам өз ісінің маманы болмаса, қызметте де жақсы нәтиже көрсете алмайды. Сондықтан да әр қызметші өз ісінің маманы болуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 Атаманчук Г.В. Государственное управление: организационно- функциональные вопросы. – М., 2000.
- 2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы. – 2009, желтоқсан-1// www. akorda. kz.
- 3 Эффективное государственное управление: материалы III Акад. симпозиума. – Астана: Акад. гос. Упр. При Президенте РК, 2011. – 101 б.
- 4 Повышение эффективности деятельности органов государственной власти. – М.: Издательство «Алекс», 2005. – 180 с.

References

- 1 Atamanchuk G.V. Gosudarstvennoe upravlenie: organizacionno- funkcionalnye voprosy. – М., 2000.
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik jane lergilikti ozin-ozі baskarudyn tyimdiligin arttyru jonindegi sharalar turaly.-2009, jeltoksan-1// www. akorda. kz.
- 3 «Effektivnoe gosudarstvennoe upravlenie: materialy III Akad. Simpoziuma. – Astana: Akad. Gos. Upr. Pri. Prezidente RK, 2011. – 101 b.
- 4 Povyshenie effektivnosti deyatelnosti organov gosudarstvennoi vlasti. – М.: Izdatelstvo «Aleks», 2005. –180 s.